



"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 19 желтоқсандағы № 539 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 20 желтоқсанда № 19750 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына (Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13317 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 11 наурызда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Мектепке дейінгі және орта білім департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Ш.Т. Кариноваға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі*

А. Аймағамбетов

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2019 жылғы 19 желтоқсандағы
№ 539 бұйрығына қосымша
Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2019 жылғы "27" қаңтардағы
№ 83 бұйрығымен бекітілген

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары

1-бөлім. Жалпы ережелер

1. Осы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек

кодексінің 139-бабының 7-тармағына, "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді .

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) апелляцияларды қарау жөніндегі республикалық комиссия (бұдан әрі – республикалық апелляциялық комиссия) – педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың ұлттық біліктілік тестілеуі нәтижелерімен келіспеуі жағдайында туындайтын даулы мәселелер бойынша шешім қабылдайтын, білім беру саласындағы уәкілетті орган құратын комиссия;

2) біліктілік санаты – осы Қағидалармен айқындалатын біліктілік талаптарына сай келетін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың кәсіби құзыреттілік деңгейі;

3) біліктілік тестілеуі – білім беру саласындағы уәкілетті орган әзірлеген тестілер бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың кәсіби құзыреттілігінің деңгейін айқындауға бағытталған рәсім;

4) кезекті аттестаттау – әр бес жыл өткен сайын педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санатын беру (растау) үшін мерзімді жүзеге асырылатын рәсім;

5) қызметтің қорытындыларын кешенді талдамалық жинақтау – келесі көрсеткіштер негізінде педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың кәсіби құзыретін жүйелі, бірізді және объективті зерделеу: білім алушылардың (тәрбиеленушілер) білім сапасы, іскерлігі мен дағдылары, жетістіктері, сабақ беру (тәрбиелеу және оқыту) сапасы және аттестаттау кезеңіндегі кәсіби жетістіктері;

6) педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалар – "Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 қаулысымен бекітілген педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалар лауазымдарының тізбесінде көрсетілген лауазымды атқаратын тұлғалар;

7) педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың біліктілігін арттыру – білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен оқыту мен сабақ беру сапасын арттыру үшін кәсіби білімін, іскерлігін, дағдыларын

және құзыреттілігін жаңартуға, сондай-ақ бұрын алғандарын қолдауға, кеңейтуге, тереңдетуге және жетілдіруге мүмкіндік беретін оқыту;

8) CEFR (Common European Framework of Reference, шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреті) (Коммон Еуропиан Фреймворк Оф Референс) – тіл білу деңгейін сипаттау үшін қолданылатын халықаралық стандарт;

9) ұлттық біліктілік тестілеуі – білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған ұйым әзірлеген тестілер бойынша бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын және арнайы білімнің оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың кәсіби құзыреттілік деңгейін айқындауға бағытталған рәсім.

3. Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттаудан өткізу үшін тиісті деңгейдегі: білім беру ұйымдарында, аудандық (қалалық) білім бөлімдерінде, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармаларында, білім беру саласындағы уәкілетті органда (республикалық ведомстволық бағынысты ұйымдар үшін), тиісті саланың уәкілетті органдарында аттестаттау комиссиялары құрылады.

4. Аттестаттау комиссиясының құрамына тиісті білім беру деңгейіндегі (мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша, арнайы) жоғары білікті педагогтер, ғылыми-әдістемелік кабинеттердің, орталықтардың, біліктілікті арттыру ұйымдарының әдіскерлері, қоғамдық және үкіметтік емес ұйымдардың, кәсіподақтардың, өндірістік кәсіпорындар мен ұйымдардың, ғылыми-педагогикалық кеңестер мен Қазақстан Республикасының "Атамекен" ұлттық кәсіпкерлер палатасының (бұдан әрі – ҚР "Атамекен" ҰКП) (техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім үшін) өкілдері, білім беруді басқару органдарының мамандары кіреді.

5. Аттестаттау комиссиясының мүшелері тақ саннан құралады. Аттестаттау комиссиясының төрағасы, төрағасының орынбасары комиссия мүшелерінің арасынан сайланады. Хатшы аттестаттау комиссиясының мүшесі болып табылмайды.

6. Аттестаттау комиссиясының құрамы білім беру ұйымы, аудандық (қалалық) білім бөлімдері, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары, білім беру саласындағы уәкілетті орган (республикалық ведомстволық бағынысты ұйымдар үшін), тиісті саланың уәкілетті органы басшысының бұйрығымен бекітіледі.

7. Салалық мемлекеттік органдардың білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттауды білім беру ұйымдарының және салалық мемлекеттік органдардың аттестаттау комиссиялары жүзеге асырады.

8. Салалық органдарда білікті мамандар болмаған жағдайда білім беру ұйымының басшысы білім беруді басқару органына педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттау туралы өтінішпен жүгінеді.

9. Аттестаттау комиссиясының отырысы аудио- немесе бейнежазбаға жазылады. Аудио-бейнежазбалар архивте кемінде 3 жыл сақталады.

2-бөлім. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу тәртібі мен шарттары

1-тарау. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттаудан өткізу тәртібі мен шарттары

1-параграф. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды кезекті аттестаттаудан өткізу тәртібі

10. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттау кезекті немесе мерзімінен бұрын болып бөлінеді.

11. Аттестатталушылар кезекті аттестаттаудан Заңның 51-бабы 3-тармағының б) тармақшасына сәйкес кемінде бес жылда бір рет өтеді.

12. Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды біліктілік санаттарын алу (растау) үшін кезекті аттестаттау (бұдан әрі – біліктілік санаттарын алу (растау) үшін кезекті аттестаттаудан өтетін аттестатталушылар) аттестатталушы қызметінің қорытындыларын кешенді талдамалық жинақтау жолымен бір кезеңде жүзеге асырылады.

13. Біліктілік санаттарын алу (растау) үшін кезекті аттестаттаудан өтетін аттестатталушылар осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тиісті деңгейдегі білім беру ұйымының, аудандардың (қалалардың) білім бөлімдерінің, білім басқармаларының, мемлекеттік органдардың аттестаттау комиссиясына өтініш береді.

Кезекті аттестаттауға өтініш берген кезде аттестатталушылар нұсқаулықпен танысады.

14. Білім беру ұйымы біліктілік санаттарын алу (растау) үшін кезекті аттестаттаудан өтетін аттестатталушылардың тізімдік құрамын аудандардың (қалалардың) білім бөлімдеріне, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармаларына, республикалық ведомстволық бағынысты ұйымдар – тиісті мемлекеттік органға ұсынады.

15. Біліктілік санаттарын алу (растау) үшін кезекті аттестаттаудан өтетін аттестатталушылар қызметінің қорытындыларын кешенді талдамалық жинақтауды жүргізу үшін білім беру ұйымы, аудандардың (қалалардың) білім бөлімдері, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары, мемлекеттік орган басшысының бұйрығымен жыл сайын сараптамалық кеңес құрылады:

екінші біліктілік санатына – білім беру ұйымы деңгейінде ұйымдастырылатын сараптамалық кеңес, құрамында: әдістемелік кабинеттердің әдіскерлері, әдістемелік бірлестіктердің басшылары, ауданның (қаланың) жоғары білікті педагог қызметкерлері, ҚР "Атамекен" ҰҚП-ның, қоғамдық ұйымдардың, кәсіподақтардың, жұмыс берушілердің өкілдері;

бірінші біліктілік санатына – аудан (қала) деңгейінде ұйымдастырылатын сараптамалық кеңес, құрамында: әдістемелік кабинеттердің әдіскерлері, әдістемелік бірлестіктердің басшылары, ауданның (қаланың) жоғары білікті педагог қызметкерлері, біліктілікті арттыру институттарының өкілдері, ҚР "Атамекен" ҰҚП-ның, қоғамдық ұйымдардың, кәсіподақтардың, жұмыс берушілердің өкілдері;

жоғары біліктілік санатына – облыс деңгейінде ұйымдастырылатын сараптамалық кеңес, құрамында: әдістемелік кабинеттердің немесе орталықтардың әдіскерлері және облыстың білім беру ұйымдарының, біліктілікті арттыру ұйымдарының жоғары білікті педагог қызметкерлері, ҚР "Атамекен" ҰҚП-ның, қоғамдық ұйымдардың, кәсіподақтардың, жұмыс берушілердің өкілдері.

16. Біліктілік санаттарын алу (растау) үшін кезекті аттестаттаудан өтетін аттестатталушыларды аттестаттау үшін сараптамалық кеңестің қарауына мынадай құжаттар ұсынылады:

1) аттестаттауға өтініш (осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес);

2) барлық аттестатталушы педагог қызметкерлердің міндетті ұсынуы үшін қажетті құжаттардың көшірмелері:

жеке басты куәландыратын құжат;

білімі туралы диплом;

қызметкердің еңбек қызметін растайтын құжат;

біліктілік санаты туралы куәлік;

біліктілікті арттыру курстарынан өту туралы құжаттар;

педагогикалық тәжірибені жинақтау материалдары: эссе, шығармашылық есеп, кәсіптік қызметіне өзіндік талдау жасау;

аттестатталушылар қызметінің қорытындыларын кешенді талдамалық жинақтау: пікірлер, білім алушылар мен тәрбиеленушілерге, ата-аналарға, әріптестерге және әкімшіліктерге сауалнама жүргізу нәтижелері, практика базасы басшыларының, жұмыс берушілердің пікірлері, ЖОО-ға түсу немесе жұмысқа орналасу туралы ақпарат;

педагогикалық қызмет нәтижелері: педагогикалық қызметкерлердің және оларға теңестірілген тұлғалардың, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оқу, шығармашылық, спорттық, пәндік олимпиадаларға, конкурстарға, байқауларға, жарыстарға, ойындарға қатысуын растайтын құжаттар, марапаттау материалдары.

17. Біліктілік санаттарын алу (растау) үшін кезекті аттестаттаудан өтетін әрбір аттестатталушы бойынша сараптамалық кеңес аттестаттаудан одан әрі өту үшін сәйкес келеді (сәйкес келмейді) деген ұсынымдар шығарады.

18. Білім беру ұйымдары, аудандардың (қалалардың) білім бөлімдері, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары, мемлекеттік орган тиісті деңгейдегі аттестаттау комиссияларына ұсынымдары бар сараптамалық кеңес қараған аттестаттау құжаттарын береді.

19. Аудандардың (қалалардың) білім бөлімдерінің, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармаларының аттестаттау комиссиялары, білім беру саласындағы уәкілетті орган (республикалық ведомстволық бағынысты ұйымдар үшін), тиісті саланың уәкілетті органдары аттестаттау процесінде сараптамалық кеңестің ұсынымдарын қарайды және талдайды.

20. Тиісті деңгейдегі аттестаттау комиссиялары кезекті аттестаттаудан өтетін аттестатталушыларға біліктілік санаттарын беру (растау) туралы шешім қабылдайды:

білім беру ұйымының аттестаттау комиссиясы сараптамалық кеңестің ұсынымы негізінде педагогтердің екінші біліктілік санатын береді (растайды);

аудандық (қалалық) білім бөлімдерінің аттестаттау комиссиясы сараптамалық кеңестің ұсынымы негізінде педагогтердің бірінші біліктілік санатын береді (растайды);

Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармаларының аттестаттау комиссиясы сараптамалық кеңестің ұсынымы негізінде педагогтердің жоғары біліктілік санатын береді (растайды).

21. Облыстық және республикалық ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарының біліктілік санаттарын алу (растау) үшін кезекті аттестаттаудан өтетін аттестатталушыларға бірінші және жоғары біліктілік санатын білім беру саласындағы уәкілетті орган береді (растайды).

22. Біліктілік санаттарын алу (растау) үшін кезекті аттестаттаудан өтетін әрбір аттестатталушы бойынша тиісті деңгейдегі аттестаттау комиссиясы мынадай шешімдердің бірін шығарады:

- 1) өтініш берілген біліктілік санатына сәйкес келеді;
- 2) өтініш берілген біліктілік санатына сәйкес келмейді;
- 3) өтініш берілген біліктілік санатынан бір саты төмен санатқа сәйкес келеді.

23. Аттестаттау комиссиясының шешімі отырысқа оның мүшелерінің кемінде 2/3-сі қатысқан кезде қабылданды деп есептеледі. Дауыс беру нәтижелері қорытынды отырысқа қатысқан аттестаттау комиссиясы мүшелерінің көпшілік дауысымен айқындалады. Дауыстар саны тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

24. Аттестаттау комиссиясының шешімі тиісті деңгейдегі аттестаттау комиссиясының хаттамасымен ресімделеді, оған барлық мүшелері қол қояды. Біліктілік санаттарын алу (растау) үшін кезекті аттестаттаудан өтетін аттестатталушыларға біліктілік санатын беру (растау) туралы тиісті деңгейдегі бұйрық ағымдағы жылдың 15 мамырынан кешіктірілмей шығарылады. Тиісті деңгейдегі бұйрықтың негізінде ағымдағы жылдың 1 маусымынан кешіктірмей білім беру ұйымы осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша біліктілік беру (растау) туралы куәлікті және бұйрықтың көшірмесін береді.

2-параграф. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды мерзімнен бұрын аттестаттаудан өткізу тәртібі

25. Мерзімінен бұрын аттестаттауға үміткер аттестатталушылар (бұдан әрі – мерзімінен бұрын аттестатталушылар) аттестаттаудан екі кезеңде өтеді:

- 1) бірінші кезең – біліктілік тестілеуі;
- 2) екінші кезең – қызмет қорытындыларын кешенді талдамалық жинақтау.

26. Мерзімінен бұрын аттестаттаудан өтетін аттестатталушылар аттестаттаудың бірінші кезеңі – біліктілік тестілеуінен өту үшін осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша білім беру ұйымының, аудандардың (қалалардың) білім бөлімдерінің, білім басқармаларының,

мемлекеттік органдардың тиісті деңгейдегі аттестаттау комиссиясына өтініш береді:

1) екінші біліктілік санатына:

орта кәсіптік (техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі), жоғары оқу орнын "үздік" бітірген және кемінде бір жыл педагогикалық қызмет өтілі бар тұлғалар;

"Болашақ" бағдарламасы бойынша жоғары оқу орнын бітірген және кемінде бір жыл педагогикалық қызмет өтілі бар тұлғалар;

өндірістен техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына педагогикалық жұмысқа ауысқан, кемінде үш жыл өндірістік жұмыс өтілі бар тұлғалар;

аудандық (қалалық) деңгейдегі кәсіби конкурстардың жеңімпаздары болып табылатын тұлғалар;

мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары деңгейіндегі конкурстардың жеңімпаздары болып табылатын тұлғалар;

2) бірінші біліктілік санатына:

екінші біліктілік санаты бар, облыстық деңгейдегі кәсіби конкурстардың немесе олимпиадалардың жеңімпаздары болып табылатын тұлғалар;

екінші біліктілік санаты бар, облыстық деңгейдегі пәндік олимпиадаларға, шығармашылық, кәсіби конкурстарға, ғылыми және спорттық жарыстарға, әртүрлі қатысу нысандарына (күндізгі, сырттай, қашықтықтан) қатысушыларды дайындаған тұлғалар;

екінші біліктілік санаты бар, облыстық деңгейде өзінің педагогикалық тәжірибесін жинақтаған тұлғалар;

өндірістен техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына педагогикалық жұмысқа ауысқан, кемінде төрт жыл өндірістік жұмыс өтілі бар тұлғалар;

3) жоғары біліктілік санатына:

бірінші біліктілік санаты бар, облыстық деңгейдегі пәндік олимпиадаларға, шығармашылық, кәсіби конкурстарға, ғылыми және спорттық жарыстарға қатысушыларды немесе республикалық немесе халықаралық деңгейдегі қатысушыларды дайындаған тұлғалар;

бірінші біліктілік санаты бар, облыстық деңгейдегі кәсіби конкурстардың, педагогикалық олимпиадалардың қатысушылары немесе республикалық немесе халықаралық деңгейдегі қатысушылар болып табылатын тұлғалар;

бірінші біліктілік санаты бар, республикалық немесе халықаралық деңгейде өзінің педагогикалық тәжірибесін жинақтаған тұлғалар;

бірінші біліктілік санаты бар, біліктілікті арттыру институттарынан, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарынан білім беру ұйымдарына педагогикалық жұмысқа ауысқан, кемінде төрт жыл педагогикалық жұмыс өтілі бар тұлғалар;

жоғары оқу орнынан білім беру ұйымына педагогикалық жұмысқа ауысқан, магистр академиялық дәрежесі және кемінде төрт жыл педагогикалық жұмыс өтілі бар тұлғалар;

өндірістен техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына педагогикалық жұмысқа ауысқан, кемінде бес жыл өндірістік жұмыс өтілі бар тұлғалар.

Мерзімінен бұрын аттестаттауға өтініш берген кезде аттестатталушылар нұсқаулықпен танысады.

27. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлерді аттестаттау олардың біліктілікті арттыру және қайта даярлау курстарынан өтуін ескере отырып жүргізіледі.

28. Мерзімінен бұрын аттестаттаудан өтетін аттестатталушылардың біліктілік тестілеуін білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын білім беру ұйымы жыл сайын 15 қазаннан 15 желтоқсанға дейін өткізеді.

29. Біліктілік тестілеуін өткізу күні білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын білім беру ұйымының сайтында рәсім өткізілгенге дейін 2 (екі) аптадан кешіктірілмей орналастырылады.

30. Аттестаттау барысында біліктілік тестілеуіне жататын еңбек қызметінің бейіні бойынша бағыттардың тізбесі білім туралы құжат бойынша біліктілікке сәйкес айқындалады.

31. Біліктілік тестілеуі жүз тест тапсырмасынан тұрады:

"Қызмет бағыты бойынша" – жетпіс тапсырма;

"Педагогика, оқыту әдістемесі" – отыз тапсырма.

Біліктілік тестілеуінің жалпы уақыты екі жүз отыз минутты құрайды.

Біліктілік тестілеуінің нәтижесі "Қызмет бағыты бойынша" 50%-дан кем емес, "Педагогика және оқыту әдістемесі" бойынша 30%-дан кем емес дұрыс жауап алған кезде оң болып саналады.

Осы тармақта белгіленгеннен кем тестілеу нәтижелерін көрсеткен немесе дәлелді себептермен қатыспаған мерзімінен бұрын аттестаттаудан өтетін аттестатталушылар бірінші тестілеуден кейін екі айдан кешіктірмей қайта тестілеуден өтеді.

Дәлелді себептер:

1) еңбекке уақытша жарамсыздық (екі айдан артық емес);

2) жүктілікке және босануға, бала күтіміне байланысты демалыста болу;

3) қызметтік іссапарда, оның ішінде шетелде іссапарда болу.

32. Қайта тестілеу кезінде осы Қағидалардың 31-тармағында белгіленгеннен кем нәтиже алған мерзімінен бұрын аттестаттаудан өтетін аттестатталушылар аттестаттаудың екінші кезеңіне жіберілмейді.

Тестілеуден сәтті өткен мерзімінен бұрын аттестаттаудан өтетін аттестатталушылар аттестаттаудың екінші кезеңіне жіберіледі.

33. Тестілеу аяқталғаннан кейін нәтиже білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын ұйымның ресми сайтында орналастырылады.

34. Біліктілік тестілеуінің нәтижесі бір жылға жарамды.

Өндірістен техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына педагогикалық жұмысқа ауысқан адамдар біліктілік тестілеуінен босатылады.

35. Мерзімінен бұрын аттестаттаудан өтетін аттестатталушылар қызметінің қорытындыларын кешенді талдамалық жинақтауды жүргізу үшін білім беру ұйымы, аудандардың (қалалардың) білім бөлімдері, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары, мемлекеттік орган басшысының бұйрығымен жыл сайын сараптамалық кеңес құрылады:

екінші біліктілік санатына – білім беру ұйымы деңгейінде ұйымдастырылатын сараптамалық кеңес, құрамына: әдістемелік кабинеттердің әдіскерлері, әдістемелік бірлестіктердің басшылары, ауданның (қаланың) жоғары білікті педагог қызметкерлері, "Атамекен" ҚР ҰКП, қоғамдық ұйымдар, кәсіподақтар, жұмыс берушілер өкілдері кіреді;

бірінші біліктілік санатына – аудан (қала) деңгейінде ұйымдастырылатын сараптамалық кеңес, құрамына: әдістемелік кабинеттердің әдіскерлері, әдістемелік бірлестіктердің басшылары, ауданның (қаланың) жоғары білікті педагог қызметкерлері, біліктілікті арттыру институттары, "Атамекен" ҚР ҰКП, қоғамдық ұйымдар, кәсіподақтар, жұмыс берушілер өкілдері кіреді;

жоғары біліктілік санатына – облыс деңгейінде ұйымдастырылатын сараптамалық кеңес, құрамына: әдістемелік кабинеттердің әдіскерлері немесе облыстық білім беру ұйымдарының, біліктілікті арттыру ұйымдарының жоғары білікті педагог қызметкерлері, "Атамекен" ҚР ҰҒП, қоғамдық ұйымдар, кәсіподақтар, жұмыс берушілер өкілдері кіреді.

36. Білім беру ұйымы мерзімінен бұрын аттестатталатындардың тізімдік құрамын аудандардың (қалалардың) білім бөлімдеріне, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармаларына,

республикалық ведомстволық бағынысты ұйымдар – тиісті мемлекеттік органға ұсынады.

37. Мерзімінен бұрын аттестаттаудан өтетін аттестатталушылар қызметінің сәйкестігін анықтау үшін сараптамалық кеңестің қарауына мынадай құжаттар ұсынылады:

1) аттестаттауға өтініш (осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес);

2) барлық аттестатталатын педагог қызметкерлердің міндетті түрде ұсынуы үшін қажетті құжаттардың көшірмелері:

жеке басын куәландыратын құжат;

білімі туралы диплом;

қызметкердің еңбек қызметін растайтын құжат;

біліктілік санаты туралы куәлік;

біліктілікті арттыру курстарынан өту туралы құжаттар;

педагогикалық тәжірибені жинақтау материалдары: эссе, шығармашылық есеп, кәсіптік қызметіне өзіндік талдау жасау;

педагогикалық қызметкерлер қызметінің қорытындыларын кешенді талдамалық жинақтау қорытындылары: пікірлер, білім алушылар мен тәрбиеленушілерге, ата-аналарға, әріптестеріне және әкімшіліктерге сауалнама жүргізу нәтижелері, тәжірибе базасы басшыларының, жұмыс берушілердің пікірлері, ЖОО-ға түсу немесе жұмысқа орналасу туралы ақпарат;

педагогикалық қызмет нәтижелері: педагогикалық қызметкерлердің және оларға теңестірілген тұлғалардың, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оқу, шығармашылық, спорттық, пәндік олимпиадаларға, конкурстарға, байқауларға, жарыстарға, ойындарға қатысуын растайтын құжаттар, марапаттау материалдары.

38. Мерзімінен бұрын аттестаттаудан өтетін әрбір аттестатталушы бойынша сараптамалық кеңес одан әрі аттестаттау үшін сәйкес келеді (сәйкес келмейді) деген ұсынымдар шығарады.

39. Білім беру ұйымдары, аудандардың (қалалардың) білім бөлімдері, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары, мемлекеттік орган тиісті деңгейдегі аттестаттау комиссияларына ұсынымдармен бірге сараптамалық кеңес қараған аттестаттау құжаттарын береді.

40. Аудандардың (қалалардың) білім бөлімдерінің, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармаларының, білім беру саласындағы уәкілетті органдардың (республикалық ведомстволық бағынысты ұйымдар үшін), тиісті саланың уәкілетті органдарының аттестаттау

комиссиялары аттестаттау процесінде сараптамалық кеңестің ұсынымдарын қарайды және талдайды.

Тиісті деңгейдегі аттестаттау комиссиялары мерзімінен бұрын аттестатталушылардың біліктілік санаттарын беру туралы шешім қабылдайды:

білім беру ұйымының аттестаттау комиссиясы сараптамалық кеңестің ұсынымы негізінде педагогтердің екінші біліктілік санатын береді;

аудандық (қалалық) білім бөлімдерінің аттестаттау комиссиясы сараптамалық кеңестің ұсынысы негізінде педагогтердің бірінші біліктілік санатын береді;

Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармаларының аттестаттау комиссиясы сараптамалық кеңестің ұсынысы негізінде педагогтердің жоғары біліктілік санатын береді.

41. Облыстық және республикалық ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарында мерзімінен бұрын аттестаттаудан өтетін аттестатталушыларға бірінші және жоғары біліктілік санаттарын білім беру саласындағы уәкілетті орган береді (растайды).

42. Мерзімінен бұрын аттестаттаудан өтетін әрбір аттестатталушы бойынша тиісті деңгейдегі аттестаттау комиссиясы мынадай шешімдердің бірін шығарады:

- 1) өтініш берілген біліктілік санатына сәйкес келеді;
- 2) өтініш берілген біліктілік санатына сәйкес келмейді.

43. Мерзімнен бұрын аттестаттаудан өтетін әрбір аттестатталушы бойынша аттестаттау комиссиясының шешімі отырысқа қатысушы мүшелерінің кемінде 2/3-сі қатысқан кезде қабылданды деп есептеледі. Дауыс беру нәтижелері қорытынды отырысқа қатысқан аттестаттау комиссиясы мүшелерінің көпшілік дауысымен айқындалады. Дауыстар саны тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

44. Мерзімінен бұрын аттестаттаудан өтетін әрбір аттестатталушы бойынша аттестаттау комиссиясының шешімі тиісті деңгейдегі аттестаттау комиссиясының хаттамасымен ресімделеді, оған барлық мүшелері қол қояды. Тиісті деңгейдегі біліктілік санатын беру туралы бұйрық ағымдағы жылдың 15 мамырынан кешіктірілмей шығарылады. Тиісті деңгейдегі бұйрықтың негізінде ағымдағы жылдың 1 маусымынан кешіктірмей білім беру ұйымы осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша біліктілік беру туралы куәлікті және бұйрықтың көшірмесін береді.

2-тарау. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында

жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттаудан өткізу тәртібі мен шарттары

45. Білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттау кезекті немесе мерзімінен бұрын болып бөлінеді.

46. Біліктілік санаттарын беру (растау) үшін аттестатталушыларды кезекті және мерзімінен бұрын аттестаттау екі кезеңде жүзеге асырылады:

1) бірінші кезең – ұлттық біліктілік тестілеуі;

2) екінші кезең – қызмет қорытындыларын кешенді талдамалық жинақтау.

1-параграф. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды кезекті аттестаттаудан өткізу тәртібі

47. Кезекті аттестаттаудан өту үшін аттестатталушылар (бұдан әрі – біліктілік санаттарын алу (растау) үшін кезекті аттестаттаудан өтетін аттестатталушылар) тиісті деңгейдегі аттестаттау комиссиясына өтініш береді: аудандардың (қалалардың) білім бөлімдері, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары, мемлекеттік органдар осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бір жыл ішінде.

Біліктілік санаттарын алу (растау) үшін кезекті аттестаттауға өтініш берген кезде аттестатталушылар нұсқаулықпен танысады.

48. Біліктілік санаттарын алу (растау) үшін кезекті аттестаттаудан өтетін аттестатталушылар білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын ұйымдарда ұлттық біліктілік тестілеуін тапсырады.

49. Біліктілік санаттарын алу (растау) үшін кезекті аттестаттаудан өтетін аттестатталушылар аттестаттаудың бірінші кезеңі – ұлттық біліктілік тестілеуінен компьютерлік тестілеу арқылы өту үшін (кезекті немесе мерзімінен бұрын) уәкілетті білім беру органы айқындайтын ұйымға онлайн өтініш немесе білім беру ұйымының тиісті деңгейіндегі аттестаттау комиссиясына: білім беру ұйымына, аудандардың (қалалардың) білім бөлімдеріне, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармаларына, білім беру саласындағы уәкілетті органға (республикалық ведомстволық бағыныстағы ұйымдар үшін), тиісті саланың уәкілетті органына осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді.

50. Білім беру ұйымы біліктілік санаттарын алу (растау) үшін кезекті аттестаттаудан өтетін аттестатталушылардың тізімдік құрамын аудандардың (қалалардың) білім бөлімдеріне, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және

Шымкент қалаларының білім басқармалары, республикалық ведомстволық бағынысты ұйымдар – тиісті мемлекеттік органға ұсынады.

51. Біліктілік санаттарын алу (растау) үшін аттестатталушыларды кезекті аттестаттау өтініш негізінде (оның ішінде қолданыстағы санат мерзімі өткенге дейін) өткізіледі:

1) "педагог" біліктілік санатына:

мамандығы бойынша жоғары педагогикалық және кәсіптік немесе техникалық және кәсіптік білімі бар, жұмыс өтіліне талап қойылмастан, мынадай кәсіби құзыреттерге сәйкес келетін тұлғалар: оқу пәнінің, оқу-тәрбие процесінің, оқыту және бағалау әдістемесінің мазмұнын біледі; білім алушылардың психологиялық-жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу-тәрбие процесін жоспарлайды және ұйымдастырады, білім алушының жалпы мәдениетін қалыптастыруға және оны әлеуметтендіруге ықпал етеді, білім беру ұйымы деңгейіндегі іс-шараларға қатысады, білім алушылардың қажеттіліктерін ескере отырып, тәрбиелеу мен оқытуда жеке тәсілді жүзеге асырады, кәсіптік-педагогикалық диалог дағдыларын меңгерген, цифрлық білім беру ресурстарын қолданады;

2) "педагог-модератор" біліктілік санатына:

мамандығы бойынша жоғары педагогикалық және кәсіптік немесе техникалық және кәсіптік білімі, кемінде екі жыл педагогикалық өтілі бар, мынадай кәсіби құзыреттерге сәйкес келетін тұлғалар: "педагог" біліктілік санатының жалпы талаптарына сәйкес келеді, сонымен қатар оқытудың инновациялық түрлерін, әдістері мен құралдарын пайдаланады, білім беру ұйымы деңгейінде тәжірибені жинақтайды, білім беру ұйымы деңгейінде олимпиадаларға, конкурстарға, жарыстарға қатысушылары бар;

3) "педагог-сарапшы" біліктілік санатына:

мамандығы бойынша жоғары педагогикалық және кәсіптік немесе техникалық және кәсіптік білімі, кемінде 3 жыл педагогикалық өтілі бар, келесі кәсіби біліктіліктерге сәйкес келетін тұлғалар: "педагог-модератор" біліктілік санатына қойылатын жалпы талаптарға жауап береді, сонымен қатар ұйымдастырылған оқу қызметін талдау дағдыларын біледі, тәлімгерлікті жүзеге асырады, өзінің және білім беру ұйымы деңгейінде әріптестерінің кәсіби даму басымдылығын сындарлы түрде айқындайды, өз тәжірибесін аудан/қала деңгейінде жинақтайды, аудан/қала деңгейінде олимпиадаларға, конкурстарға, жарыстарға қатысушылары бар;

4) "педагог-зерттеуші" біліктілік санатына:

мамандығы бойынша жоғары педагогикалық және кәсіптік немесе техникалық және кәсіптік білімі, кемінде 4 жыл педагогикалық өтілі бар, келесі кәсіби біліктіліктерге сәйкес келетін тұлғалар: "педагог-сарапшы" біліктілік санатына қойылатын жалпы талаптарға жауап береді, сонымен қатар сабақты зерттеу дағдыларын және бағалау құралдарын әзірлей біледі, білім алушылардың зерттеушілік дағдыларын дамытуды қамтамасыз етеді, тәлімгерлікті жүзеге асырады және аудан, қала деңгейінде педагогикалық қауымдастықта даму стратегиясын сындарлы түрде айқындайды, өз тәжірибесін облыс/Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалалары деңгейінде жинақтайды, облыс/Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалалары деңгейінде олимпиадаларға, конкурстарға, жарыстарға қатысушылары бар;

5) "педагог-шебер" біліктілік санатына:

мамандығы бойынша жоғары педагогикалық және кәсіптік немесе техникалық және кәсіптік білімі, кемінде 5 жыл педагогикалық өтілі бар, келесі кәсіби біліктіліктерге сәйкес келетін тұлғалар: "педагог-зерттеуші" біліктілік санатына қойылатын жалпы талаптарға жауап береді, сонымен қатар авторлық бағдарламасы бар немесе Республикалық оқу-әдістемелік кеңесте мақұлданып, шығарылған оқулықтардың, оқу-әдістемелік құралдардың авторы (бірлескен авторы) болып табылады, ғылыми жобалау дағдыларын дамытуды қамтамасыз етеді, тәлімгерлікті жүзеге асырады және облыс деңгейінде кәсіби қауымдастық желісін дамытуды жоспарлайды, республикалық және халықаралық конкурстар мен олимпиадалардың қатысушысы болып табылады немесе республикалық және халықаралық конкурстар мен олимпиадалардың қатысушыларын дайындаған.

52. Ұлттық біліктілік тестілеуіне қатысу үшін өтініштер қабылдауды уәкілетті орган айқындайтын ұйымдар тестілеуді өткізу басталғанға дейін кемінде күнтізбелік 15 күн бұрын жүргізеді.

53. Ұлттық біліктілік тестілеуі аттестатталушының қалауы бойынша біліктілік санаттарын алу (растау) үшін кезекті аттестаттауға өтініш берген кезде көрсетілетін тілдердің бірінде (қазақ, орыс) өткізіледі.

54. Біліктілік санаттарын алуға (растауға) кезекті аттестаттау үшін ұлттық біліктілік тестілеуі тегін негізде өтеді.

55. Біліктілік санаттарын алуға (растауға) кезекті аттестаттаудан өтетін аттестатталушылар ұлттық біліктілік тестілеуінен өту үшін мынадай құжаттарды ұсынады:

1) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тестілеуге қатысу үшін өтініш;

2) 3x4 көлеміндегі екі фотосурет;

3) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі.

56. Біліктілік санаттарын алу (растау) үшін кезекті аттестаттаудан өтетін аттестатталушы өтінішін деректер базасына енгізгеннен кейін осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тестілеуге рұқсат беріледі.

57. Ұлттық біліктілік тестілеуі 100 (жүз) тест тапсырмасынан тұрады:

"Оқу пәнінің мазмұны" – жетпіс тапсырма;

"Педагогика, оқыту әдістемесі" – отыз тапсырма.

Бастауыш білім беру педагогтері қазақ немесе орыс тілі (оқыту тілі), математика пәндері бойынша тест тапсырады.

58. Ұлттық біліктілік тестілеуінің жалпы уақыты екі жүз минутты, "Математика", "Физика", "Химия", "Информатика" пәндері үшін – екі жүз отыз минутты құрайды.

59. Біліктілік санаттарын алу (растау) үшін кезекті аттестаттаудан өтетін аттестатталушы ұлттық біліктілік тестілеуінен жылына екі реттен артық өтпейді.

60. Ұлттық біліктілік тестілеуі қаңтар айынан наурыз айына (қоса алғанда) дейін, тамыз айынан қараша айына (қоса алғанда) дейін өткізіледі.

61. Білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын ұлттық біліктілік тестілеуін өткізуге жауапты ұйымдар тест тапсырмаларының базасын, бағдарламалық қамтамасыз етуді (бұдан әрі – БҚ) әзірлейді:

компьютерлік тестілеуді сүйемелдеу және тестілеу нәтижелерін беру үшін;

педагог қызметкерлердің деректерін: ЖСН, аты-жөнін (бар болса әкесінің атын), өтініш берілген біліктілік санатын, пән атауын және тапсыру тілін енгізе отырып, біліктілік санаттарын алуға (растауға) кезекті аттестаттаудан өтетін аттестатталушылардың базасын қалыптастыру үшін;

біліктілік санаттарын алуға (растауға) кезекті аттестатталушыларды дербес хабардар ету үшін;

апелляция жүргізу және апелляцияны есепке ала отырып нәтижелерді беру үшін;

білім беру ұйымдарын тестілеу нәтижелері туралы ақпараттандыру үшін (қаланың/ауданның білім бөлімі, білім басқармасы, республикалық білім беру ұйымдары және тиісті саланың мемлекеттік органдары);

аттестатталушылар біліктілік санаттарын алу (растау) үшін білім беру ұйымының тиісті деңгейдегі аттестаттау комиссиясына, аудандардың (қалалардың) білім бөлімдеріне, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармаларына, білім беру саласындағы уәкілетті

органға (республикалық ведомстволық бағыныстағы ұйымдар үшін), тиісті саланың уәкілетті органына кезекті аттестаттауға өтініш берген жағдайда.

62. Білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын ұлттық біліктілік тестілеуін өткізуге жауапты ұйым өтініштерді қабылдау, тестілеуді өткізу, апелляциялық рәсімдерді өткізу, нәтижелерді өңдеу және беру кезеңінде бағдарламалық қамтамасыз етудің жұмысын сүйемелдейді.

63. Бақылауды жүзеге асыру үшін ахуалдық орталыққа және (немесе) ұлттық біліктілік тестілеуін өткізу пункттеріне білім беру саласындағы уәкілетті органның өкілдері, сондай-ақ үкіметтік емес және қоғамдық ұйымдардың өкілдері жіберіледі.

64. Ұлттық біліктілік тестілеуін өткізу пункттерінің кіретін есіктері, тестілеу аудиториялары және басқа да іске қосылған кабинеттері бейнебақылау жүйесімен және ұялы байланысты, мобильді және стационарлық интернетті, түрлі үлгідегі және әсер ету радиусындағы спутниктік сигналды басу құрылғыларымен қамтамасыз етіледі.

65. Ұлттық біліктілік тестілеуі кезінде тестілеуді өткізудің ашықтығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін бейнекамералар пайдаланылады.

Тестілеуді өткізу бойынша өтініштер түскен кезде тестілеудің бейнежазбасына талдау жүргізіледі. Тестілеуді тапсыру мерзіміне қарамастан аттестатталушылардың қағидаларды бұзу фактілері анықталған жағдайда тестілеу нәтижелерінің күші жойылады.

66. Аттестатталушы біліктілік санаттарын алуға (растауға) кезекті аттестаттаудан өту үшін тестілеуді өткізу пунктінің ғимаратына кірген кезде жеке басын куәландыратын құжат және рұқсаттама негізінде аттестатталушының жеке басын сәйкестендіру жүргізіледі.

67. Ұлттық біліктілік тестілеуін өткізу кезінде аттестатталушы кезекті аттестаттауға кезекшінің рұқсатынсыз және ертіп жүруінсіз аудиториядан шығуға, бір-бірімен сөйлесуге, бір орыннан басқа орынға ауысуға, материалдармен алмасуға, аудиториядан материалдарды шығаруға, аудиторияға кіргізуге және заттарды (оқулықтар мен әдістемелік әдебиеттерді, цифрлық смарт-аппаратураны) пайдалануға жол берілмейді.

68. Отырғаннан кейін тестілеу басталғанға дейін тестілеу кезінде біліктілік санаттарын алу (растау) үшін кезекті аттестаттауға аттестатталушылардың мінез-құлық ережелері бойынша аудиожазба жүргізіледі.

69. Осы Қағидалардың 67-тармағын бұзған жағдайда біліктілік санатын алу (растау) үшін кезекті аттестаттаудан өтетін аттестатталушыға заттарды табу және аудиторияда мінез-құлық қағидасын бұзған аттестатталушыны

аудиториядан шығару актісі және (немесе) тестілеуде жалған тұлғаны анықтау актісі осы Қағидаларға 4 және 5-қосымшаларда көрсетілген нысанға сәйкес жасалады.

70. Тест тапсырмаларының жауаптарын бағалауды білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын ұйымдар мынадай түрде жүзеге асырады:

1) ұсынылған бес жауаптан бір дұрыс жауап таңдалатын тапсырмалар үшін бір балл, қалған жағдайларда – нөл балл беріледі;

2) ұсынылған жауаптардан бірнеше дұрыс жауаптар таңдалатын тапсырмалар үшін:

барлық дұрыс жауаптар үшін - екі балл;

жіберілген бір қате үшін - бір балл;

жіберілген екі және одан да көп қателіктер үшін – нөл балл.

71. Тестілеу кезінде:

1) компьютерлік сыныптардың дайындығын бақылауды тестілеуді өткізуге жауапты ұйым өкілдері жүзеге асырады;

2) аудиториялық қорды тестілеуді өткізуге жауапты ұйым ұсынады;

3) ұлттық біліктілік тестілеуін өткізуге жауапты ұйым тестілеуге дейін бір күн бұрын тестілеу кезінде пайдаланылатын компьютерлерді дайындайды;

4) біліктілік санаттарын алу (растау) үшін кезекті аттестаттаудан өтетін аттестатталушылар компьютерлік сыныпқа рұқсаттама, жеке басын куәландыратын құжат бойынша бір-бірден кіргізіледі және компьютерге отырады;

5) біліктілік санаттарын алу (растау) үшін кезекті аттестаттаудан өтетін аттестатталушылар ұлттық біліктілік тестілеуін өткізуге жауапты ұйым ұсынған бағдарламалық қамтамасыз етудің көмегімен тестілеуден өтеді.

Тестілеу нәтижесі тестілеу аяқталғаннан кейін беріледі.

72. Тестілеу аяқталғаннан кейін біліктілік санаттарын алу (растау) үшін кезекті аттестаттаудан өтетін аттестатталушы компьютер экранында көрсетілетін тестілеу нәтижелерімен таныса алады.

73. Біліктілік санатын алу (растау) үшін кезекті аттестаттаудан өтетін аттестатталушының қалауы бойынша тестілеу қорытындысы басып шығарылады және қолына беріледі.

74. Тестілеу нәтижесі:

"Оқу пәнінің мазмұны" бағыты бойынша:

"педагог-модератор" - 50%;

"педагог-сарапшы" - 60%;

"педагог-зерттеуші" - 70%;

"педагог-шебер" - 80%;

"Педагогика, оқыту әдістемесі" бағыты бойынша:

"педагог-модератор" - 30%;

"педагог-сарапшы" - 30%;

"педагог-зерттеуші" - 30%;

"педагог-шебер" - 30% балл жинаған жағдайда, оң болып есептеледі.

75. Тестілеудің оң нәтижелерін көрсеткен біліктілік санаттарын алу (растау) үшін кезекті аттестаттаудан өтетін аттестатталушылар аттестаттаудың екінші кезеңіне жіберіледі.

76. Ұлттық біліктілік тестілеуінің нәтижесі бір жыл жарамды.

77. Тестілеу аяқталғаннан кейін біліктілік санаттарын алу (растау) үшін кезекті аттестаттаудан өтетін аттестатталушы нәтижелерімен (негіздемелермен дұрыс және дұрыс емес жауаптар) танысады және негіздемелермен келіспеген жағдайда білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын ұлттық біліктілік тестілеуін өткізуге жауапты ұйымның сайтындағы жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) бойынша жеке кабинетке кіру арқылы онлайн апелляцияға береді.

78. Бірыңғай өлшемшарттардың сақталуын қамтамасыз ету және тест тапсырмаларын бағалау кезінде даулы мәселелерді шешу, тестілеуді өткізу кезеңінде біліктілік санаттарын алу (растау) үшін кезекті аттестаттаудан өтетін аттестатталушылардың құқықтарын қорғау мақсатында онлайн республикалық апелляциялық комиссия өз қызметін жүзеге асырады.

Республикалық апелляциялық комиссияның төрағасы мен құрамы білім беру саласындағы уәкілетті органның бұйрығымен бекітіледі.

79. Республикалық апелляциялық комиссия өкілеттігінің қолданылу мерзімі бір жылды құрайды.

80. Апелляция мынадай жағдайларда қаралады:

тест тапсырмаларының мазмұны бойынша:

1) дұрыс жауаптың түсінігімен сәйкес келмесе;

2)) дұрыс жауап болмаса;

3) барлық ұсынылған нұсқалардан бір дұрыс жауап таңдалатын тест тапсырмаларында бір дұрыс жауаптан көп дұрыс жауап болса (дұрыс жауаптардың барлық нұсқалары көрсетіледі);

4) тест тапсырмасы дұрыс құрылмаса;

техникалық себептер бойынша:

тест тапсырмаларының фрагменті немесе мәтіні болмаса.

81. Апелляцияға берілген өтініште баяндалған нақты фактілер қарауға жатады.

Тест тапсырмаларын қайта қарау үшін мазмұны бойынша өтініш берген кезде аттестатталушы дәлелді негіздемені (толық түсініктеме) көрсетуі тиіс.

Әрбір тапсырма бойынша дәлелді негіздеме (толық түсініктеме, тапсырмаларды қадамдық шешу) көрсетілмеген барлық тест тапсырмаларын қайта қарау бойынша апелляцияға өтініш қарауға жатпайды.

82. Республикалық апелляциялық комиссияның шешімі комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Республикалық апелляциялық комиссияның шешімдері хаттамалармен ресімделеді, оған комиссияның төрағасы және барлық мүшелері қол қояды. Республикалық апелляциялық комиссия отырыстарының хаттамалары тестілеуді өткізуге жауапты ұйымда бір жыл бойы сақталады.

83. Онлайн апелляция нәтижелері бойынша біліктілік санаттарын алуға (растауға) кезекті аттестаттаудан өтетін аттестатталушыға жеке кабинетте осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша апелляцияны ескере отырып нәтижелер көрсетіледі.

84. Тестілеудің теріс нәтижесін көрсеткен біліктілік санаттарын алу (растау) үшін кезекті аттестаттаудан өтетін аттестатталушылар аттестаттаудың екінші кезеңіне жіберілмейді.

85. Қайта біліктілік тестілеуінен өтпеген біліктілік санаттарын алу (растау) үшін кезекті аттестаттаудан өтетін аттестатталушылар үшін қазіргі біліктілік санатының күші тиісті деңгейдегі аттестаттау комиссиясының шешімі негізінде бір біліктілік санатына төмендетіледі.

86. Аттестаттау кезінде біліктілік санаттарын алу (растау) үшін кезекті аттестаттаудан өтетін аттестатталушы қолданыстағы санаттан жоғары санат беруге не тең дәрежелі санат беруге өтініш береді:

екінші санат – "педагог-модератор";

бірінші санат – "педагог-эксперт";

жоғары санат – "педагог-зерттеуші", "педагог-шебер".

87. Ұлттық біліктілік тестілеуінің оң нәтижесін алған біліктілік санаттарын алу (растау) үшін кезекті аттестаттаудан өтетін аттестатталушылар білім беру ұйымы (ауданның (қаланың) білім бөлімі, білім басқармасы және тиісті саланың уәкілетті органы) арқылы тиісті деңгейдегі аттестаттау комиссиясына аттестаттау кезеңіндегі кәсіптік қызметінің нәтижелілігі бойынша портфолио ұсынады:

1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес аттестаттауға өтініш;

2) міндетті түрде ұсыну үшін қажетті құжаттардың көшірмелері;

жеке басын куәландыратын құжат;

білімі туралы диплом;

қызметкердің еңбек қызметін растайтын құжат;

берілген біліктілік санаты туралы куәлік және бұйрық (бұрын біліктілік санаты бар тұлғалар үшін);

біліктілікті арттыру курстарынан өту туралы құжаттар;

3) ұлттық біліктілік тестілеуінен өткені туралы құжат;

4) оқу жетістіктерін сырттай бағалау және (немесе) ағымдағы және (немесе) қорытынды аттестаттау нәтижелерін қамтитын аттестаттау кезеңіндегі білім алушылардың білім сапасының көрсеткіштері;

5) педагогтердің кәсіби жетістіктерін және тәжірибені жинақтауды растайтын құжаттардың көшірмелері;

6) сабақтарды бақылау парақтары (кемінде үш);

7) біліктілікті арттыру курстарынан өткендігі туралы құжаттың көшірмесі.

88. Тиісті деңгейдегі аттестаттау комиссиясы аттестаттау материалдарын осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша біліктілік санаттарын алу (растау) үшін кезекті аттестаттаудан өтетін аттестатталушының портфолиосын қабылдау-табыстау актісі бойынша жылына екі рет (ағымдағы жылдың 15 мамырына және 15 қарашасына дейін) тиісті деңгейдегі сараптамалық кеңеске жібереді.

89. Сараптамалық кеңестің құрамына сараптамалық кеңестің төрағасы мен мүшелері кіреді. Сараптамалық кеңес мүшелерінің тақ санынан, бірақ кемінде 5 адамнан тұрады.

90. Біліктілік санатын алу (растау) үшін кезекті аттестаттаудан өтетін аттестатталушының қызметі қорытындыларын кешенді талдамалық жинақтаудың өтініш берілген біліктілік санатына сәйкестігін анықтау үшін сараптамалық кеңес құрылады:

"педагог-модератор" біліктілігі санатына - білім беру ұйымдары деңгейінде ұйымдастырылатын сараптамалық кеңес, оның құрамына: білім беру ұйымдарының жоғары білікті педагог қызметкерлері, "Атамекен" ҚР ҰКП, қоғамдық ұйымдар, кәсіподақ, жұмыс берушілер өкілдері кіреді;

"педагог-сарапшы" біліктілік санатына - аудан (қала) деңгейінде ұйымдастырылатын сараптамалық кеңес, оның құрамына: әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) әдіскерлері, ауданның (қаланың) жоғары білікті педагог қызметкерлері, біліктілікті арттыру, ұйымдары, "Атамекен" ҚР ҰКП, қоғамдық ұйымдар, кәсіподақ, жұмыс берушілер өкілдері кіреді;

"педагог-зерттеуші" біліктілік санатына - облыс деңгейінде ұйымдастырылатын сараптамалық кеңес, оның құрамына: әдістемелік орталықтардың әдіскерлері, облыстың жоғары білікті педагог қызметкерлері, біліктілікті арттыру, "Атамекен" ҚР ҰКП, қоғамдық ұйымдар, кәсіподақ, жұмыс берушілер өкілдері кіреді;

"педагог-шебер" біліктілік санатына - облыс, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалалары деңгейінде ұйымдастырылатын сараптамалық кеңес, оның құрамына: әдістемелік орталықтардың әдіскерлері және облыстың білім беру ұйымдарының, біліктілікті арттыру ұйымдарының, әдістемелік кабинеттердің жоғары білікті педагог қызметкерлері, қамқоршылық кеңестер, "Атамекен" ҚР ҰКП, "Назарбаев Зияткерлік мектептері" дербес білім беру ұйымы, қоғамдық ұйымдар, кәсіподақ, жұмыс берушілер өкілдері кіреді, оның құрамы облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім беруді басқару органы басшысының бұйрығымен бекітіледі.

91. Тиісті деңгейдегі сараптамалық кеңес осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бақылау парақтарын ескере отырып, осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша біліктілік санатын алуға (растауға) аттестатталушылардың портфолиосын бағалау өлшемшарттарына сәйкес біліктілік санаттарын алуға (растауға) кезекті аттестаттаудан өтетін аттестатталушылардың портфолиосын қарайды және бағалайды.

92. Сараптамалық кеңес осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша біліктілік санаттарын алу (растау) үшін кезекті аттестаттаудан өтетін аттестатталушылардың портфолиосын бағалау парағын және осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ағымдағы жылдың 15 маусымына және 15 желтоқсанына дейінгі мерзімде тиісті деңгейдегі аттестаттау комиссиясына біліктілік санатына аттестатталушы қызметінің қорытындыларын кешенді талдамалық жинақтау жөніндегі ұсынымдарды жібереді.

93. Біліктілік санаттарын алу (растау) үшін кезекті аттестаттаудан өтетін әрбір аттестатталушы бойынша сараптамалық кеңес осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша одан әрі аттестаттау үшін сәйкес келеді (сәйкес келмейді) деген ұсынымдарды шығарады.

94. Әрбір аттестатталушы бойынша тиісті деңгейдегі аттестаттау комиссиясы мынадай шешімдердің бірін шығарады:

- 1) өтініш берілген біліктілік санатына сәйкес келеді;
- 2) өтініш берілген біліктілік санатына сәйкес келмейді;
- 3) өтініш берілген біліктілік санатынан бір саты төмен санатқа сәйкес келеді.

95. Аттестаттау комиссиясының отырыстары осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес біліктілік санатын беру (растау) және осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша біліктілік санатының қолданылу мерзімін ұзарту туралы аттестаттау комиссиясы отырысының хаттамасымен ресімделеді.

96. Аттестаттау комиссиясының шешімі ашық дауыс беру арқылы қабылданады және отырысқа мүшелерінің кемінде 2/3-сі қатысқан кезде қабылданды деп есептеледі. Дауыс беру нәтижелері қорытынды отырысқа қатысқан аттестаттау комиссиясы мүшелерінің көпшілік дауысымен айқындалады. Дауыстар саны тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Біліктілік санаттарын алу (растау) үшін кезекті аттестаттаудан өтетін аттестатталушылар аттестаттау комиссиясының құрамына кірмейді.

Тиісті деңгейдегі біліктілік санатын беру (растау) туралы бұйрық ағымдағы жылдың 15 шілдесінен және 25 желтоқсанынан кешіктірілмей шығарылады. Тиісті бұйрықтың негізінде білім беру ұйымы осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес біліктілік санатын беру (растау) туралы куәлік береді.

97. Біліктілік санатын беруге кезекті аттестаттау кезінде аттестаттау комиссиясы "өтініш берілген біліктілік санатына сәйкес келмейді" деген шешім қабылдаған жағдайда қолданыстағы біліктілік санаты сақталады.

98. Аттестаттау комиссиясы "өтініш берілген біліктілік санатына сәйкес келмейді" деген шешім қабылдаған кезде кезекті аттестаттау кезінде қолданыстағы біліктілік санаты бір деңгейге төмендейді.

99. Біліктілік санатын, тиісінше еңбекақысын төмендету жөніндегі шешім тиісті деңгейдегі аттестаттау комиссиясының шешімі негізінде білім беру ұйымының бұйрығымен ресімделеді.

100. Екінші, бірінші, жоғары біліктілік санатынан "педагог-модератор", "педагог-сарапшы", "педагог-зерттеуші", "педагог-шебер" біліктілік санаттарына ауысқан кезде және ұлттық біліктілік тестілеуінен қайта өткеннен кейін өтініш берілген біліктілік санаты расталмаған жағдайда тиісті деңгейдегі аттестаттау комиссиясының шешімі негізінде біліктілік санаты бір деңгейге төмендетіледі.

101. Егер аттестатталушы біліктілік санаттарын алу (растау) үшін кезекті аттестаттауға өтініш берілген санатқа қажетті балл жинамаған жағдайда ол аттестаттаудың келесі кезеңіне төмен деңгеймен қатысуға құқылы.

Аттестатталушының қазіргі біліктілік санаты оның жарамдылық мерзімі аяқталғанға дейін сақталады.

102. Біліктілік санаттары берілген кезден бастап аттестатталушылардың келесі біліктілік санаттары сақталады немесе беріледі, сондай-ақ теңестіріледі:

"екінші санатты мұғалім" - "педагог-модератор";

"бірінші санатты мұғалім" - "педагог-сарапшы";

"жоғары санатты мұғалім" - "педагог-зерттеуші" және "педагог-шебер".

103. Осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша біліктілік санаттарын алуға (растауға) аттестатталушыларды аттестаттау туралы куәліктерді беруді білім беру ұйымдары аттестаттау комиссияларының шешімдері мен тиісті бұйрықтардың негізінде жүзеге асырады.

104. Аттестатталушыларға біліктілік санатын беру (растау) туралы куәліктерді беру осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша біліктілік санатын беру (растау) туралы куәліктерді тіркеу және беру журналында тіркеледі.

Қазақстан Республикасы шегінде педагогикалық салада жаңа жұмыс орнына ауысқан кезде педагогтердің қолданыстағы біліктілік санаты оның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін сақталады.

Әдістемелік жұмысқа ауысқан кезде педагогикалық қызметкердің бұрын берілген санаты сақталады.

105. Педагог қызметкерлерге және оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санатының қолданылу мерзімі аяқталған жағдайда, жасына байланысты зейнетақыларға дейін төрт жылдан аспайтын уақыт қалған жағдайда, оларда бар біліктілік санаттары кезекті аттестаттаудан босату туралы өтінішке (еркін нысан) сәйкес зейнеткерлік жасқа толғанға дейін сақталады. Біліктілік санатының қолданылу мерзімін ұзарту туралы бұйрықты білім беру ұйымының басшысы шығарады.

106. Зейнеткерлікке шыққаннан кейін педагогикалық қызметті жүзеге асыруды жалғастырушы аттестатталатын зейнеткерлік жастағы адамдар жалпы негізде аттестатталады. Жалпы негіздерде аттестаттаудан бас тартқан жағдайда біліктілік санаты бір деңгейге төмендейді.

107. Аттестаттау білім туралы дипломда немесе қайта даярлау туралы құжатта көрсетілген мамандыққа (біліктілікке) сәйкес атқарып отырған лауазымы бойынша тиісті біліктілік санаты беріле отырып жүзеге асырылады.

Білім туралы дипломда бір мамандық ретінде көрсетілген пәндерді оқытқан жағдайда аттестаттау оқытылатын пән (таңдау бойынша) көрсетіле отырып, негізгі лауазым бойынша жүргізіледі және негізгі лауазым бойынша санат беріледі.

108. Шағын жинақты мектептің аттестатталушысы үшін дипломда көрсетілмеген пәндерден сабақ берген жағдайда аттестаттау тиісті біліктілік санатын бере отырып, қайта даярлаудан өткен жағдайда атқаратын лауазымы бойынша жүргізіледі.

109. Педагог жоғары оқу орны (бұдан әрі – ЖОО) немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандарды кәсіптік даярлау жүзеге асырылмайтын пән бойынша сабақ берген жағдайда оның бұрын алған санаты сақталады, ал біліктілікті арттыру туралы тиісті сертификаты болған кезде аттестаттау жалпы негізде өткізіледі.

Арнаулы білім беру ұйымдарында сабақ беретін аттестатталушылар білім беру ұйымдарындағы тиісті бейіні бойынша дипломға, бейіні бойынша немесе қайта даярлау туралы құжатқа сәйкес аттестатталады.

110. Педагог қызметкердің "Өзін-өзі тану" пәнін оқыту кезінде біліктілік санаты бұрын сабақ берген пән бойынша біліктілік санатына теңестіріледі және аттестаттаудың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін сақталады.

Психологиялық, диагностикалық (білім алушылардың ерекше білім алу қажеттіліктерін анықтау бөлігінде), түзету, әлеуметтік-педагогикалық қызметті жүзеге асыратын педагог қызметкерлерге дипломда көрсетілген мамандыққа сәйкес немесе қайта даярлау курстарынан өтуді ескере отырып, "педагог-модератор", "педагог-сарапшы", "педагог-зерттеуші", "педагог-шебер" біліктілік санаты беріледі.

"Көркем еңбек" пәні бойынша аттестаттау кезінде "Технология", "Бейнелеу өнері", "Сызу" мамандықтары бойынша диплом, сондай-ақ кәсіптік оқыту негізге алынады.

111. Арнайы білім беру ұйымдарында немесе арнаулы сыныптарда (топтарда) білім туралы дипломда көрсетілгеннен басқа мамандық бойынша қызмет жүргізген жағдайда аттестаттау олардың білім беру ұйымдарында қайта даярлау курстарынан өтуі нәтижесінде алған сертификаты негізінде атқаратын лауазымы бойынша жүргізіледі.

112. Арнайы білім беру ұйымдарында дипломда көрсетілген пәндерді оқытатын педагог қызметкерлер білім беру ұйымдарында қайта даярлау курстарынан өту нәтижесінде алынған сертификат негізінде оқытатын пәндер бойынша аттестатталады.

113. Инклюзивті білім беруді іске асыратын жалпы білім беретін мектептерде сабақ беретін аттестатталушылар инклюзивті білім беру бойынша біліктілікті арттыру курстары болған жағдайда дипломда көрсетілген мамандыққа сәйкес аттестаттаудан өтеді.

114. Біліктілік санаты педагог қызметкерлердің және оларға теңестірілген тұлғалардың өтініші негізінде, бірақ келесі жағдайларда 3 жылдан аспайтын мерзімге ұзартылады:

1) "Әлеуметтік мәні бар аурулардың және айналадағылар үшін қауіп төндіретін аурулардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 21 мамырдағы № 367 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №11512 болып тіркелген) әлеуметтік мәні бар аурулардың және айналадағылар үшін қауіп төндіретін аурулардың тізбесіне сәйкес педагог қызметкерлердің уақытша еңбекке жарамсыздығы;

2) жүктілігі және босануы бойынша, бала күтімі бойынша демалыста болуы;

3) Қазақстан Республикасынан тыс жерде мамандығы бойынша қызметтік іссапарда, оқуда (тағылымдамада) болуы;

4) тоқтату себептеріне қарамастан, біліктілік санаты берілген лауазымдағы жұмысқа қайта орналасуы;

5) Қазақстан Республикасының шегінде жұмыс орнын ауыстыруы;

6) жақын және алыс шет елдерден Қазақстан Республикасына келген адамдардың білімін, еңбек өтілі мен біліктілік санатын растайтын құжаттары болған кезде педагогикалық қызметті жүзеге асыруы;

7) білім беру саласындағы уәкілетті органнан, білім беруді басқару органдарынан, әдістемелік кабинеттерден, біліктілікті арттыру институттарынан білім беру ұйымдарына ауысуы.

115. Осы Қағидалардың 112-тармағында көрсетілген және жұмысқа шыққан педагогтердің біліктілік санатының қолданылу мерзімін ұзарту туралы мәселені шешу үшін білім беру ұйымының аттестаттау комиссиясына мынадай құжаттар ұсынылады:

1) біліктілік санатының қолданылу мерзімін ұзарту туралы өтініш (еркін нысан);

2) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

3) білімі туралы дипломның немесе атқаратын лауазымы бойынша тиісті біліктілік берілген қайта даярлау туралы құжаттың көшірмесі;

4) біліктілікті арттыру туралы құжаттың көшірмесі;

5) педагог қызметкердің және оларға теңестірілген тұлғалардың еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

6) біліктілік санатын беру (растау) үшін аттестатталушыны (жоғары білім беру ұйымдарынан келген және біліктілік санаты жоқ педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардан басқа) аттестаттау туралы куәліктің көшірмесі);

7) біліктілік санатының қолданылу мерзімін ұзартудың негізділігін растайтын құжат.

116. Біліктілік санатының қолданылу мерзімін ұзарту бойынша аттестаттау комиссиясының отырысы өтініш келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өткізіледі.

Білім беру ұйымының әрбір аттестатталушысы бойынша шешімді тиісті деңгейдегі аттестаттау комиссиясы осы Қағидалардың 93-95-тармақтарына сәйкес шығарады.

2-параграф. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды мерзімнен бұрын аттестаттаудан өткізу тәртібі

117. Мерзімінен бұрын аттестаттаудан өтетін аттестатталушылар (бұдан әрі – мерзімінен бұрын аттестатталушылар) мынадай өлшемшарттардың біріне сәйкес келетін өтініш негізінде жіберіледі:

1) "педагог-модератор" біліктілік санатына:

білім беру ұйымы деңгейінде пәндік олимпиадалардың, шығармашылық, кәсіби конкурстардың, ғылыми, спорттық жарыстардың жеңімпаздарын дайындаған тұлғалар;

білім беру ұйымы деңгейіндегі кәсіптік конкурстардың, педагогикалық олимпиадалардың жеңімпаздары болып табылатын тұлғалар;

аудан, қала деңгейінде өзінің педагогикалық тәжірибесін жинақтаған тұлғалар;

бейінді пән бойынша спорт шеберіне үміткер болып табылатын тұлғалар.

118. Мерзімінен бұрын аттестаттаудан өтетін аттестатталушылар осы Қағидалардың 49-82-тармақтарына сәйкес білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын ұйымдарда ұлттық біліктілік тестілеуін тапсырады.

119. Ұлттық біліктілік тестілеуі арқылы мерзімінен бұрын аттестаттауға мынадай санаттағы тұлғалар жіберіледі:

орта кәсіптік (техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі), жоғары оқу орнын "үздік" бітірген тұлғалар";

пәнді (пәнді) ағылшын тілінде оқыту құқығымен жоғары оқу орнын бітірген, B1 деңгейінен төмен емес ағылшын тілін білгенін растайтын сертификаты (куәлігі) бар тұлғалар (CEFR шкаласы бойынша);

жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін білім беру ұйымдарына алғаш рет жұмысқа қабылданған тұлғалар.

2) "педагог-сарапшы" біліктілік санатына:

қалалық (аудандық) деңгейдегі пәндік олимпиадалардың, шығармашылық, кәсіби конкурстардың, ғылыми, спорттық жарыстардың жеңімпаздарын дайындаған тұлғалар;

қалалық (аудандық) деңгейдегі кәсіби конкурстардың жеңімпаздары болып табылатын тұлғалар;

облыстық деңгейде өзінің педагогикалық тәжірибесін жинақтаған тұлғалар (Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалалары);

"Болашақ" бағдарламасының түлектері болып табылатын тұлғалар;

ғылым кандидаты/доктор немесе PhD докторы ғылыми дәрежесі және кемінде екі жыл педагогикалық жұмыс өтілі бар тұлғалар.

ағылшын тілін B2 (CEFR шкаласы бойынша) төмен емес деңгейде меңгерген және ағылшын тілінде оқытатын тұлғалар;

жоғары оқу орнынан білім беру ұйымдарына педагогикалық жұмысқа ауысқан, кемінде екі жыл педагогикалық жұмыс өтілі бар тұлғалар;

бейінді пән бойынша халықаралық дәрежедегі спорт шебері болып табылатын тұлғалар.

3) "педагог-зерттеуші" біліктілік санатына:

облыстық деңгейдегі пәндік олимпиадалардың, шығармашылық конкурстардың, ғылыми, спорттық жарыстардың жеңімпаздарын немесе республикалық немесе халықаралық деңгейдегі қатысушыларды дайындаған тұлғалар;

облыстық деңгейдегі кәсіптік конкурстардың жеңімпаздары немесе республикалық немесе халықаралық деңгейдегі қатысушылар болып табылатын тұлғалар;

"Болашақ" бағдарламасының түлектері болып табылатын тұлғалар;

республикалық деңгейде өзінің педагогикалық тәжірибесін жинақтаған тұлғалар;

ғылым кандидаты/доктор немесе PhD докторы ғылыми дәрежесі және кемінде үш жыл педагогикалық жұмыс өтілі бар тұлғалар.

4) "педагог-шебер" біліктілік санатына:

республикалық деңгейдегі пәндік олимпиадалардың, шығармашылық конкурстардың, ғылыми, спорттық жарыстардың жеңімпаздарын немесе халықаралық деңгейдегі қатысушыларды дайындаған тұлғалар;

республикалық деңгейдегі кәсіптік конкурстардың жеңімпаздары немесе халықаралық деңгейдегі қатысушылар болып табылатын тұлғалар;

халықаралық деңгейде өзінің педагогикалық тәжірибесін жинақтаған, педагогикалық практикада ғылыми негізделген әдістерді, авторлық оқыту және тәрбиелеу технологияларын жүйелі түрде пайдаланатын тұлғалар.

120. Мерзімінен бұрын аттестаттаудан өтетін аттестатталушылар қызметінің сәйкестігін анықтау үшін құжаттар сараптамалық кеңеске ұсынылады. Одан әрі

аттестаттау үшін сәйкес келеді (сәйкес келмейді) деген ұсынымды шығару рәсімі осы Қағидалардың 86-91-тармақтарында регламенттелген.

121. Аттестаттау комиссиясының әрбір аттестатталушы бойынша шешім қабылдау жөніндегі жұмыс тәртібі осы Қағидалардың 93-96-тармақтарында регламенттелген.

122. Аттестаттау комиссиясы "өтініш берілген біліктілік санатына сәйкес келмейді" деген шешім қабылдаған кезде оның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін қазіргі біліктілік санаты сақталады.

3-тарау. Білім және ғылым саласындағы өзге де азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізудің тәртібі мен шарттары

123. Білім және ғылым саласындағы азаматтық қызметшілерді аттестаттау мынадай кезеңдерді қамтиды:

- 1) аттестаттауды дайындау және өткізу;
- 2) аттестаттау комиссиясы өткізетін қызметкерлермен әңгімелесу;
- 3) аттестаттау комиссиясының шешімін шығару.

124. Аттестаттауды өткізуге дайындықты білім беру ұйымдарында жауапты орындаушылар, білім және ғылым саласындағы мемлекеттік мекемелер мен қазыналық кәсіпорындардың кадр қызметі (бұдан әрі – аттестаттаушы орган) оның басшысының тапсырмасы бойынша ұйымдастырады және мынадай іс-шараларды қамтиды:

- 1) білім және ғылым саласындағы аттестатталатын азаматтық қызметшілерге қажетті құжаттарды дайындау;
- 2) аттестаттауды өткізу кестесін әзірлеу;
- 3) аттестаттау комиссияларының құрамын анықтау;
- 4) әңгімелесу өткізу үшін сұрақтарды дайындау.

125. Аттестаттаушы органның кадр қызметі, білім беру ұйымдарындағы жауапты орындаушылар алты ай ішінде бір рет аттестаттауға жататын қызметшілерді айқындайды.

126. Аттестаттаушы органның басшысы органның кадр қызметінің ұсынысы бойынша бұйрық шығарады, онда аттестатталатын адамдардың тізімі, аттестаттауды өткізу кестесі мен аттестаттау комиссиясының құрамы бекітіледі.

127. Білім беру ұйымының жауапты орындаушылары, аттестаттаушы органның кадр қызметі қызметшілерді аттестаттаудан өткізу мерзімі туралы оны өткізу басталғанға дейін бір айдан кешіктірмей жазбаша хабардар етеді.

128. Аттестаттауға жататын қызметшінің тікелей басшысы қызметтік мінездеме ресімдейді және оны аттестаттаушы органның кадр қызметіне жібереді.

129. Қызметтік мінездеме аттестатталатын қызметшінің кәсіби, жеке басының қасиеттері мен қызметтік іс-әрекетінің нәтижелеріне негізделген, объективті бағалауды қамтиды.

130. Аттестаттаушы органның кадр қызметі қызметшіні аттестаттау комиссиясының отырысына дейін үш аптадан кешіктірмей оған берілген қызметтік мінездемемен таныстырады.

131. Ұсынылған қызметтік мінездемемен келіспеген жағдайда қызметші аттестаттаушы органның кадр қызметіне оны сипаттайтын қосымша ақпарат береді.

132. Аттестатталатын қызметшіге аттестаттаушы органның кадр қызметі осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аттестатталуға жататын азаматтық қызметшіге аттестаттау парағын ресімдейді.

133. Аттестаттаушы органның кадр қызметі жиналған аттестаттау материалдарын аттестаттау комиссиясына жібереді.

134. Аттестаттау комиссиясын аттестаттаушы органның басшысы оның кадр қызметінің ұсынысы бойынша құрады және мүшелердің тақ санынан, кемінде бес адамнан тұрады.

Аттестаттау комиссиясы мүшелерінің арасынан төраға мен хатшы тағайындалады.

135. Аттестаттау комиссиясының құрамына аттестаттаушы органның құрылымдық бөлімшелері мен кадр қызметінің басшылары, кәсіподақтың және ұйымның алқалы басқару кеңесінің өкілдері енгізіледі.

Аттестаттау комиссиясының жоқ мүшелерін алмастыруға жол берілмейді.

Аттестаттау комиссиясының хатшысы білім беру ұйымының жауапты орындаушысы, аттестаттаушы органның кадр қызметінің өкілі болып табылады, оны аттестаттаушы органның басшысы айқындайды.

Аттестаттау комиссиясының хатшысы аттестаттау комиссиясының отырысына материалдарды, қажетті құжаттарды дайындайды, хаттаманы ресімдеп, қол қояды және дауыс беруге қатыспайды.

136. Аттестаттау комиссиясының отырысы, егер оған оның құрамының кемінде 2/3-сі қатысса, заңды деп есептеледі.

137. Дауыс беру нәтижелері аттестаттау комиссиясы мүшелерінің көпшілік дауысымен айқындалады. Дауыстар тең болған жағдайда аттестаттау комиссиясы төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

138. Аттестаттау комиссиясы аттестаттауды аттестатталушы қызметшінің қатысуымен өткізеді.

Аттестатталушы аттестаттау комиссиясының отырысына дәлелді себеппен келмеген жағдайда оны аттестаттау мәселесін қарау бір айдан аспайтын мерзімге ауыстырылады.

Аттестатталушы дәлелсіз себептермен болмаған жағдайда қайта аттестаттау тағайындалады. Дәлелсіз себептермен қайта келмеген жағдайда азаматтық қызметші аттестаттаудан өтпеген болып есептеледі.

139. Отырыс барысында аттестаттау комиссиясы ұсынылған материалдарды зерделейді, аттестатталушы адамды тыңдайды.

Аттестатталатын адамға қойылатын сұрақтар оның кәсіби дайындық, іскерлік қасиеттер мәселелеріндегі құзыреттілік деңгейін анықтауға бағытталған.

140. Ұсынылған материалдарды зерделеу және қызметшімен әңгімелесу нәтижелері бойынша аттестаттау комиссиясының әрбір мүшесі осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аттестаттауға жататын азаматтық қызметшіге бағалау парағын толтырады, содан кейін аттестаттау комиссиясы мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

- 1) атқаратын лауазымына сәйкес келеді;
- 2) қайта аттестаттауға жатады.

141. Ұйым басшысы лауазымын атқаратын қызметшіні аттестаттауды өткізу үшін аттестаттау комиссиясын оны осы лауазымға тағайындауға құқығы бар лауазымды тұлға құрады.

142. Аттестаттау комиссиясының шешімі ашық дауыс беру арқылы қабылданады. Аттестаттау комиссиясының құрамына кіретін аттестаттаудан өтіп жатқан қызметші өзіне қатысты дауыс беруге қатыспайды.

143. Қайта аттестаттау бастапқы аттестаттау өткізілген күннен бастап үш айдан кейін осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен өткізіледі.

Аттестаттау комиссиясы қайта аттестаттауды өткізу кезінде мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

- атқаратын лауазымына сәйкес келеді;
- атқаратын лауазымына сәйкес келмейді.

144. Қызметші аттестаттау комиссиясының шешімімен танысады.

145. Аттестаттау комиссиясының шешімдерін лауазымға тағайындауға құқығы бар адам бекітеді және оның отырысына қатысқан аттестаттау комиссиясының мүшелері қол қоятын хаттамамен ресімделеді.

146. Аттестаттау комиссиясының бекітілген шешімдері қызметшілердің аттестаттау парақтарына енгізіледі.

147. Аттестаттаудан өткен қызметшінің аттестаттау парағы және оған қызметтік мінездеме жеке ісінде сақталады. Ұйым басшысы бекіткен аттестаттау комиссиясының шешімі де қызметшінің қызмет тізіміне енгізіледі.

Бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне, жүктілігі мен босануы бойынша жалақысы сақталмайтын демалыста жүргендерді қоспағанда, барлық қызметшілер аттестаттауға жатады.

148. Қызметшілер азаматтық қызметте болған әрбір келесі үш жыл өткеннен кейін, бірақ осы лауазымға орналасқан күннен бастап алты айдан ерте емес мерзімде аттестаттаудан өтеді.

Бұл ретте аттестаттау көрсетілген мерзім басталған күннен бастап алты айдан кешіктірілмей өткізіледі.

Бала күтімі бойынша демалыста жүрген қызметшілер қызметке шыққаннан кейін кемінде алты ай өткен соң аттестатталады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарына
1-қосымша
Нысан
Аттестаттау комиссияның төрағасы

(білім беру ұйымының атауы, аудандық (қалалық) білім бөлімдері, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары, уәкілетті орган)

Өтініш

Мен, _____,
ЖСН, _____,

(аттестатталушы адамның Т.А.Ә. (әкесінің аты болғанда))

(лауазымы, жұмыс орны)

Мені 20 _____ жылы _____

біліктілік санатына _____ лауазымы (мамандық) бойынша
аттестаттауды сұраймын.

Қазіргі уақытта _____ біліктілік санатындамын, ол _____ жылғы _____ (күн)
(айға) дейін жарамды.

Келесі жұмыс нәтижелерін негізге аламын:

Өзім туралы мынадай мәліметті хабарлаймын:

Білімі:

Оқу орнының атауы	Оқу кезеңі	Білімі туралы дипломда немесе атқаратын лауазымы бойынша тиісті біліктілік бере отырып, қайта даярлаудан өткені туралы құжатта көрсетілген мамандығы (біліктілігі)

Жұмыс өтілі:

Жалпы	Білімі туралы дипломда немесе атқаратын лауазымы бойынша тиісті біліктілік бере отырып, қайта даярлаудан өткені туралы құжатта көрсетілген мамандығы (біліктілігі) бойынша	Педагогикалық	Осы білім беру ұйымында

Наградалар, атағы, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы алынған (берілген)
жылын көрсете отырып

Аттестатталушы адам жұмыс істейтін білім беру ұйымы (керектісінің астын
сызыңыз):

мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, қосымша білім

Аттестаттаудан өткізу қағидаларымен таныстым.

20 _____ жылғы " _____ " _____

(қолы)

Мектепке дейінгі тәрбие мен
оқытудың, бастауыш, негізгі

орта және жалпы орта білімнің
жалпы білім беретін оқу
бағдарламаларын, техникалық
және кәсіптік, орта білімнен
кейінгі, қосымша білімнің білім
беру бағдарламаларын және
арнайы оқу бағдарламаларын
іске асыратын білім беру
ұйымдарында жұмыс істейтін
педагог қызметкерлер мен
оларға теңестірілген тұлғаларды
және білім және ғылым
саласындағы басқа да азаматтық
қызметшілерді аттестаттаудан
өткізу қағидалары мен
шарттарына
2-қосымша
Нысан

(Тестілеуді өткізу ұйымының
басшысына)

Біліктілік тестілеуіне қатысуға арналған өтініш

Мен, _____

—,

ЖСН _____

—,

(аттестатталушының Т.А.Ә. (әкесінің аты бар болғанда)

—

(лауазымы, жұмыс орны)

мені 20__ жылы _____ біліктілік санатына ұлттық

біліктілік тестілеуге (біліктілік тестілеуге) келесі тест тапсырмалары бойынша:

"Оқу пәнінің мазмұны" - (70 тапсырма);

"Педагогика, оқыту әдістемесі" - (30 тапсырма) қатысуға жіберуді сұраймын.

Қазіргі уақытта _____ біліктілік санатындамын, ол _____ жылғы _____ (күн) _____
(айға) дейін жарамды.

Келесі жұмыс нәтижелерін негізге аламын:

Өзім туралы мынадай мәліметті хабарлаймын:

Білімі:

Оқу орнының атауы	Оқу кезеңі	Білімі туралы дипломда немесе атқаратын лауазымы бойынша тиісті біліктілік бере отырып, қайта даярлаудан өткені туралы құжатта көрсетілген мамандығы (біліктілігі)

Жұмыс өтілі:

Жалпы	Білімі туралы дипломда немесе атқаратын лауазымы бойынша тиісті біліктілік бере отырып, қайта даярлаудан өткені туралы құжатта көрсетілген мамандығы (біліктілігі) бойынша	Педагогикалық	Осы білім беру ұйымында

Наградалар, атағы, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы алынған (берілген) жылын

көрсете отырып _____

Тестілеуді тапсыру тілі (керектісінің астын сызыңыз): қазақ/орыс

Аттестатталушы адам жұмыс істейтін білім беру ұйымы (керектісінің астын сызыңыз): мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, қосымша білім.

"Оқу пәнінің мазмұны"/ "Қызмет бағыты бойынша" блогы бойынша пән (пән):

Біліктілік тестілеуді өткізу тәртібімен, Аттестаттаудан өткізу қағидаларымен таныстым.

20 ____ жылғы " ____ " _____

(қолы)

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарына

Аттестатталушының рұқсаттамасы

Тестілеуді жүргізу	пункті:	
(код)	(атауы)	
ИКТ _____ ТАӘ (әкесінің аты бар болғанда)		
ЖСН:		
Өтініш берілетін біліктілік	санаты:	
Тестілеу	орны:	
Аудитория:		
Тестілеу күні/уақыты:		
Тестілеуді тапсыру тілі:		
Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалар жұмыс істейтін білім беру ұйымы:		
Оқыту пәні	(пән):	
Аттестаттау комиссиясының	төрағасы	
ТАӘ (әкесінің аты бар болғанда) және қолы		
Рұқсатнаманы берген күні:		
Мертабан	орны	
АБҰ, ҚББ		

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарына
4-қосымша
Нысан

Заттарды табу және аудиторияда мінез-құлық қағидасын бұзған аттестатталушыны аудиториядан шығару актісі

Тестілеуді өткізу пункті

201 ____ ж. " ____ " ____ сағ. ____ мин.

Осы

акті

(Т.А.Ә)

жайында құрылған.

Аттестатталушы

ИКТ

(ТАӘ (әкесінің аты бар болғанда)

(№ ____ аудитория, № ____ орын, № ____ нұсқа) тестілеу кезінде аудиторияда мінез-құлық қағидасын бұзды (осы Қағидалардың 67-тармағы):

(бұзу фактісі)

туралы жасалды.

Осы фактінің негізінде материал алынды, аттестатталушы адам аудиториядан шығарылды, тестілеу нәтижелерінің күші жойылды.

Актімен таныстым:

(Аттестатталушының ТАӘ, қолы)

Аудитория

бойынша

кезекші

(Т.А.Ә қолы)

Тестілеуді

жүргізуге

жауапты

(Т.А.Ә қолы)

Аттестаттау

комиссиясының

төрағасы

(Т.А.Ә қолы)

МО

Күні: _____

Мектепке дейінгі тәрбие мен

оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарына 5-қосымша Нысан

Тестілеуде жалған тұлғаны анықтау актісі
Тестілеуді өткізу пункті

201__ ж. " ____ " ____ сағ. ____ мин.
Осы акті

(Т.А.Ә)

_____ аттестатталушының
орнына

АКТ _____

ТАӘ (әкесінің аты бар болғанда)

ТАӘ (әкесінің аты бар болғанда)
азаматпен тестілеуді тапсыру әрекетінің фактісі анықталғаны туралы жасалды.

Осы фактінің негізінде аудиторияға кірген жағдайда материал алынды, аттестатталушы аудиториядан шығарылды, тестілеу нәтижелерінің күші жойылды; ғимаратқа кірген кезде жалған тұлға анықталған жағдайда - тестілеуді тапсыруға дейін жол бермеу.

Актімен

таныстым: _____

(Аттестатталушының немесе жалған тұлғаның ТАӘ, қолы)

Аудитория

бойынша

кезекші

(Т.А.Ә қолы)

Тестілеуді

жүргізуге

жауапты

(Т.А.Ә қолы)

Аттестаттау

КОМИССИЯСЫНЫҢ

төрағасы _____

(Т.А.Ә қолы)

МО

Күні: _____

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарына б-қосымша
Нысан

Ұлттық біліктілік тестілеуінен өту туралы анықтама

Аттестатталушы адамның ТАӘ (әкесінің аты болғанда)

біліктілік санатына _____

қаласындағы

біліктілік тестілеуге/ұлттық біліктілік тестілеуге кк.аа.жжжж. қатысқанын куәландырады.

Модульдің атауы	Тестілік тапсырмалардың саны	Ең жоғарғы балдардың саны	Жинаған балдарының саны

Оқу пәнінің мазмұны/Қызмет бағыты бойынша			
Педагогика және оқыту әдістемесі			
Барлығы			

Аттестаттау комиссиясының төрағасы: _____

(ТАӘ, қолы)

Мөрдiң орны

Мектепке дейiнгi тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негiзгi орта және жалпы орта бiлiмнiң жалпы бiлiм беретiн оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсiптiк, орта бiлiмнен кейiнгi, қосымша бiлiмнiң бiлiм беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын iске асыратын бiлiм беру ұйымдарында жұмыс iстейтiн педагог қызметкерлер мен оларға теңестiрiлген тұлғаларды және бiлiм және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшiлердi аттестаттаудан өткiзу қағидалары мен шарттарына
7-қосымша
Нысан

Аттестатталушының портфолиосын қабылдау-тапсыру актiсi

20__ ж. " __ " _____

Бiз төменде қол қойғандар, Сараптамалық кеңестiң төрағасы

(тиiстi деңгейi) (Т.А.Ә.)

бiр тараптан және Аттестаттау комиссиясының төрағасы

(тиiстi деңгейi) (Т.А.Ә.)

екiншi тараптан, аттестатталушының портфолиосы (электрондық/қағаз түрiнде) тапсырылғандығы және қабылданғандығы туралы актiнi жасадық:

№	ТАӘ	Лауазымы	Бiлiктiлiк санаты	
			Қолданыстағы	Өтiнiш берiлетiн

Тапсырды: _____ Сараптамалық комиссияның төрағасы

(қолы) (Т.А.Ә.)

Қабылдады: _____ Аттестаттау комиссиясының төрағасы

(қолы) (Т.А.Ә.)

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарына
8-қосымша
Нысан

Біліктілік санатын алуға (растауға) аттестатталушының портфолиосын бағалау өлшемшарттары

Бағалау өлшемшарттары	Біліктілік санаты			
	Педагог-модератор	Педагог-сарапшы	Педагог-зерттеуші	Педагог-мастер
Білім алушылардың білім сапасы	білім сапасының 3%-ға өсу қарқыны	білім сапасының 7%-ға өсу қарқыны	білім сапасының 10%-ға өсу қарқыны	білім сапасының 15%-ға өсу қарқыны
Оқыту сапасы	Білім беру ұйымының сараптамалық кеңесінің ұсынымдары бар сабақтардың бақылау парақтары (2-ден	Аудан/қала Білім басқармасының сараптамалық кеңесінің ұсынымдары бар сабақтардың бақылау парақтары (2-ден кем емес)	Облыс/Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалалары Білім басқармасының сараптамалық кеңесінің ұсынымдары бар сабақтардың бақылау парақтары (3-тен кем	"Назарбаев Зияткерлік мектептері" ДБҰ немесе облыс/Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалалары Білім басқармасының сараптамалық кеңесінің ұсынымдары бар сабақтардың бақылау

	кем емес)		емес)	парақтары (3-тен кем емес)
Білім алушылардың жетістіктері	Білім беру ұйымының деңгейінде	Аудан/қаланың деңгейінде	Облыс/Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының немесе республиканың деңгейінде	
қызмет қорытындыларын жалпылау	Білім беру ұйымының деңгейінде	Аудан/қаланың деңгейінде	Облыстың/Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының деңгейінде	Республиканың деңгейінде (өз авторлық идеясын іске асыру негізінде)
Педагогтің кәсіби жетістіктері	Кәсіби конкурстарға, олимпиадаларға және өзге де іс-шараларға қатысуы			

¹Егер аттестаттау кезеңдегі білім сапасы кемінде 70%-ды құраса, бұл өлшемшарт міндетті емес.

²Тиісті деңгейдегі деректер банкіне тәжірибе енгізу, конференцияларда, симпозиумдарда сөз сөйлеу туралы (іс-шараның бағдарламасы, іс-шараның кітапшасына жарияланған баяндама мәтіні қоса беріледі), әдістемелік материалдарды әзірлеу, семинарлар, мастер-кластар өткізу туралы құжаттар салынады.

Ескерту: білім алушылардың біліктілік санатын алуға (растауға) аттестатталушының портфолиосын бағалаудың 5 өлшемшартының ішінен педагог қызметінің қорытындыларын және кәсіби жетістіктерін жалпылау міндетті болып табылады.

Біліктілік санатын алуға (растауға) аттестатталушының портфолиосын бағалау өлшемшарттары

(арнайы білім беру ұйымдарының, жалпы орта білім беретін мектептердегі арнайы сыныптардың педагогтеріне арналған)

Бағалау өлшемшарттары	Біліктілік санаты			
	Педагог-модератор	Педагог-сарапшы	Педагог-зерттеуші	Педагог - шебер
Жеке дамыту бағдарламасын енгізу бойынша маманның әрекетінің нәтижелілігі	Жеке дамыту бағдарламасының енгізілуі 40%-50%	Жеке дамыту бағдарламасының енгізілуі 50%-60%	Жеке дамыту бағдарламасының енгізілуі 60%-70%	Жеке дамыту бағдарламасының енгізілуі 70%-80%
Түзету дамытушылық сабақтарының сапасы	Білім беру ұйымының сараптамалық кеңесінің ұсынымдары бар сабақтардың бақылау парақтары (2-ден кем емес)	Аудан/қала Білім басқармасының сараптамалық кеңесінің ұсынымдары бар сабақтардың бақылау парақтары (2-ден кем емес)	Облыс/Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалалары Білім басқармасының сараптамалық кеңесінің ұсынымдары бар сабақтардың бақылау парақтары (3-тен кем емес)	"Назарбаев Зияткерлік мектептері" ДБҰ немесе облыс/Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалалары Білім басқармасының сараптамалық кеңесінің ұсынымдары бар сабақтардың бақылау парақтары (3-тен кем емес)

				емес)
